

КӘСІБІНЕ БЕРІЛГЕН КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІ

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ҚАЙТАРЫМЫ ҚАНДАЙ?

6-БЕТ | САРАПТАМА



МҰХТАР МҰРАСЫ – АЛТЫН ҚАЗЫҚ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кеше мемлекеттік сапармен Өзбекстанға барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев көршілес елдің басшысы Шавкат Мирзиёевпен келіссөз жүргізеді, сондай-ақ бірқатар жобаны іске қосады.

Сапар бағдарламасына сәйкес, Қазақстан мен Өзбекстан көшбасшыларының төрағалығымен Ташкентте Жоғары мемлекетаралық кеңестің екінші отырысы өтеді. Бұған қоса, президенттер сауда, өнеркәсіптік кооперация, көлік және логистика, энергетика, су ресурстары, мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдетуге бағытталған жобаларды талқылайды.

Ал 16 қарашада Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуіне де қатысады.

№135
(4879)
Сенбі
15 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ АЙРЫҚША САЛА

Биыл елімізде 27 миллион тонна астық жиналды. Республика аумағында жыл өткен сайын мал басы да артып келеді. Кеше Астанада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, агроөнеркәсіп саласын дамытуға ерекше үлес қосқан бір топ еңбеккерлерге мемлекеттік наградалар тапсырды.

2-3



Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2025 жылдың үшінші тоқсанында еліміз бойынша орташа жалақы 429 368 теңге болды. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 10 пайызға жоғары көрсеткіш.

Медианалық жалақы 302 584 теңге, ал жыл басынан бастап белгіленген ең төменгі жалақы 85 000 теңге деңгейінде қалды.

Ең көп жалақы өсімі тау-кен өнеркәсібі қызметкерлеріне тиесілі болып отыр. Сонымен қатар, ақпарат және байланыс саласында, сондай-ақ кәсіби және ғылыми қызмет саласында да жоғары жалақы сақталған. Ал ең аз жалақы өсімі құрылыс саласында (+2,5%), денсаулық сақтау саласында (+5%) және тамақ қызметі саласында (+6,2%) тіркелді.



Бүгін, 15 қарашада елордадағы «Астана Арена» стадионында Қазақстан және Бельгия ұлттық құрамалары арасындағы футбол матчы өтеді.

Астана қаласының әкімдігі жанкүйерлердің ыңғайлылығы үшін арнайы автобустар ұйымдастырады.

Шаттл-автобустар төмендегі аялдамалардан жолға шығады: «Әзірет Сұлтан» мешітінің автотұрағы; «Астаналық цирк» автотұрағы; «Бас мешіт» автотұрағы; «Орталық саябақ» автотұрағы; «Қазақстан» спорт кешенінің автотұрағы.

Автобустар сағат 16:00-ден бастап жүре бастайды.

ТҰМАУДАН САҚТАНЫҢЫЗ!


Астана емханаларында «фильтр-кабинеттер» жұмыс істейді.

Елордада өткір респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) мен тұмауға шалдыққан науқастар саны көбейе бастаған. Инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында дәрігерлер тұрғындарға алдын алу шараларын сақтау және уақытылы медициналық көмекке жүгіну қажеттігін еске салады. Бүгінгі таңда қаланың әр емханасында ЖРВИ белгілері бар науқастарды қарауға арналған фильтр-кабинеттер мен жедел көмек кабинеттері жұмыс істейді, онда экспресс-диагностика жүргізіліп, қажет болған жағдайда ем тағайындалады.

Фильтр-кабинеттер мен жедел көмек кабинеттерінің жұмыс кестесі:

- жұмыс күндері – 08:00-20:00;
- демалыс және мереке күндері – 08:00-18:00.

Сонымен қатар, БМСК ұйымдарында үйде медициналық көмек көрсетуге арналған мобильді бригадалар жұмыс істейді.



ЕТ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТЕДІ

15-16 қараша күндері Астанада ет жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

Алаш тасжолы бойында орналасқан «Керуен жолы» базарындағы ет жәрмеңкесіне Абай, Ақмола, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласының шаруалары қатысады. Фермерлер ірі қара етін делдалсыз саудалайды.

Жәрмеңкеде ірі қара еті 2 700 теңгеден бастап 3 000 теңгеге дейін сатылмақ. Мұнда еттен бөлек әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қатарына жататын өнімдерді де арзан бағада алуға болады.

Мұндай ет жәрмеңкесі өткен жылы да ұйымдастырылған. Халықтың сұранысы жоғары болған. Делдалсыз сатылатындықтан келушілер етті келілеп емес, жартылай немесе тұтастай алған еді.

№135 (4879) 15/11/2025 Сенбі

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ НАЗАРЫНДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ ФОРУМЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ! АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Ең алдымен, барша ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын деймін. Бұл шын мәнінде, нағыз еңбек адамдарының мейрамы екені сөзсіз. Диқандар, мал шаруашылығы мамандары, шаруалар – бәрі де еліміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосуда. Қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ АЙРЫҚША САЛА

Ауыл шаруашылығы – экономикамыздың стратегиялық мәні айрықша саласы. Бүгін, міне, ауыл шаруашылығына арналған екінші форумды өткізіп жатырмыз. Алқалы жиынға ауыл-аймақтардан көптеген білікті мамандар арнайы келіп, қатысып отыр. Сондықтан бүгінгі форумды жалпыұлттық ауқымдағы басқосу деуге болады. Жаңа сөз сөйлеген азаматтар салмақты ойларын айтты, ұсыныстарды мұқият қарап, міндетті түрде ескеру қажет.

Ауыл шаруашылығы әрдайым мемлекет назарында. Президент ретінде мен осы саланың қарқынды дамуына ерекше мән беремін. Халқымыз «Егінексе – ел тоқ» деп бекер айтпаған. Былтыр біз мол астық алып, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. Биыл да күзгі жиын-терін берекелі болды. Диқандарымыз 27 миллион тонна астық жинады. Әр аймақ ел қамбасына мол үлес қосты. Соның ішінде Ақмола облысы ең жоғары көрсеткішке (7,5 миллион тонна) ие болды. Қыркүйек айында егін орағының барысын көру үшін облысқа арнайы барғанымды білесіздер. Қазір халқымыздың 37 пайызы, яғни 7,5 миллион адам ауылда тұрады. Ауыл – халқымыздың тамыры, рухани қазығы. Бұрын солай болған, болашақта да солай болып қала бермек. Түптеп келгенде, ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне жалпы ауыл-аймақтарды, яғни бүкіл елді дамыту деп қараған жөн. Осы бағытта біз соңғы жылдары ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Еліміздің негізгі көрсеткіштері тұрақты. Биылғы он айда экономикамыз 6,4 пайызға өсті. Соның ішінде ауыл шаруашылығы да қарқынды дамуда. Жыл басынан бері осы саладағы негізгі капиталға салынған инвестиция 20 пайыздан астам өсіп, 790 миллиард теңгеге жетті. Ал еңбек өнімділігі үш жылда 37,3 пайызға артты. Қазақстан жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі рейтингі бойынша (Global Food Security Index) 32-орында тұр. Бұл – жақсы көрсеткіш. Бірақ бұл мәз болып, қол қусырып отыруға болады деген сөз емес. Себебі ашығын айтуымыз керек, біз ауыл шаруашылығының орасан зор әлеуетін әлі де толық қолданбай отырмыз. Еліміз жайылымдық жер аумағы бойынша әлемде 6-орын алады. Ал егіс алқабы бойынша 8-орында тұр. Демек қолымызда қажетті ресурс бар, тек соны тиімді пайдалануымыз қажет. Соңғы он жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,5 еседен астам өсті, яғни 3,3 триллион теңгеден 8,3 триллион теңгеге дейін көбейді. 2030 жылға дейін бұл көрсеткішті тағы 2 есе арттыруымыз керек. Бұл – біздің қолымыздан келетін шаруа.

МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР АЙҚЫН

Ұлттық даму жоспарымыз бар, мақсат-міндеттеріміз де – айқын. Бізге керегі – сапалы жұмыс пен нақты нәтиже. Сол себепті алдымен ауыл шаруашылығын дамыту үшін ерекше назар аударатын өзекті мәселелерге тоқталып өткім келеді.

БІРІНШІ. Мал шаруашылығының әлеуетін барынша пайдалану қажет. Біз бұған дейін егін шаруашылығын дамыту бағытында біраз жұмыс жүргіздік, жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Енді мал шаруашылығына баса мән беруіміз керек. Байтақ даламыздың барлық аймағында жыл он екі ай бойы мал бағуға болады. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет. Әрине, малды бағып, өсіру, оның санын көбейту – оңай шаруа емес, өте күрделі жұмыс. Мемлекет тиісті қолдау көрсетеді. Қазір нақты қаржыландыру тетіктері бар: жайылымдарды сумен қамтамасыз етуге, мал бордақылайтын орын салуға және асыл тұқымды мал алуға мемлекеттен субсидия беріліп жатыр. Былтырдың өзінде осы мақсатқа 60 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Сондай-ақ шаруашылығын кеңейтем деген кәсіп иелеріне жеңілдікпен несие алуға мүмкіндік бар.

Жолдауда мал шаруашылығы саласындағы агробизнесті қолдау жоспарын әзірлеуді тапсырдым. Мақсат – мал басын еселеу. Сол арқылы Қазақстанның халықаралық нарыққа ет жеткізуші ірі ел ретіндегі мәртебесін бекіте аламыз. Бұл мұратқа жету үшін мал шаруашылығын дамытуға оңтайлы жағдай жасау қажет. Ет бағытындағы мал шаруашылығының жүйелі өндірістік циклін енгізу жұмыстарын жалғастырған жөн. Жайылымдық жерлерді тиімді әрі ауыстырып пайдалану тәсіліне баса мән берген дұрыс.

Ветеринария саласындағы жағдай мәз емес екенін мойындау қажет. Ең алдымен, бұл саланы материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету керек. Мал дәрігерлерінің еңбек жағдайын жақсарту қажет, ветеринар мамандарды ынталандыру шараларын қарастырған жөн. Ветеринария саласының инфрақұрылымын күшейтуге қатысты жұмысты тиімді түрде жалғастыру керек.

ХАЛЫҚ ЖЕРДІҢ ИГІЛІГІН КӨРУІ КЕРЕК

ЕКІНШІ. Бұл – жер мәселесі. Халық жердің игілігін көруі керек. Мен бірнеше жыл бұрын заңсыз алынған және игерілмей бос жатқан жерлерді қайтарып алу туралы нақты тапсырма бердім. Бүгін осы мәселе бойынша министр баяндады. 2022 жылдан бері 14 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жері мемлекетке қайтарылды. Жерді қолынан іс келетін, жұмыс істеуге ниетті азаматтарға беру керек деген тапсырма бірнеше рет айтылды. Алайда бұл маңызды жұмыс баяу жүргізіліп жатыр. Сондықтан Жолдауда мемлекетке қайтарылған жерді келесі жылдың ортасына дейін түгелдей тұрақты айналымға енгізу туралы тапсырма берілді. Әкімдіктердің осы мәселеге қатысты жоспарлары қағаз жүзінде қалып қоймауы керек. Ең бастысы, жер тағы да игерілмей, бос қалмауы қажет.

Үкімет қазір мал шаруашылығы саласындағы бизнесті қолдау жоспарын әзірлеп жатыр. Жайылымдық жерлер ауыл тұрғындарына және нақты жоспары бар инвесторларға берілуге тиіс. Келесі жылдың ортасында қабылданатын бұл құжатта осы мәселенің шешімдері айқын көрсетілуі керек. Тағы бір түйткіл – жерге берілетін кепілдік құнның төмен болуы. Кадастрлық бағалау жүйесі қазіргі нарықтағы шынайы ахуалға мүлдем сәйкес келмейді. Үкімет бұл мәселеге назар аударуы керек, кадастрлық құнды айқындау тәсілін қайта қарауға тиіс. Жер қатынастары саласындағы кедергілер қазіргі заманға сай шаруашылықтар құруға бөгет болып отыр. Мен Жолдауымда Үкіметке келесі жылдың соңына дейін Жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеуді тапсырдым. Құзырлы министрліктер осы маңызды жұмыс бойынша не істеліп жатқанын 7 күннің ішінде баяндауы керек.

Келесі мәселе. Жер телімдері электронды конкурс арқылы берілуі қажет. Жер алған азаматтардың ең басты міндеті – жерді тиімді игеру, яғни, берілген жерді кәдеге жарату. Бұған қоса, жер ресурстарына мониторинг жүргізу тәсілдерін қайта қарау қажет. Қазір ауыл шаруашылығы жерлеріне қатысты деректер толық емес. Мұндай ахуал жерге бақылау жасауға және игерілмей бос жатқан жерлерді қайтарып алуға кедергі келтіреді. Жерді бөліп-тарату үдерісі бойынша ақпарат ашық әрі қолжетімді болуы қажет.

ҮШІНШІ. Су тиімділігін арттырып, ирригациялық желілерді жаңғырту керек. Су қоймаларының шамамен 60 пайызы – ауыл шаруашылығы еншісінде. Аграрлық салада суды тиімді пайдалану, сайып келгенде, елдегі бүкіл су экожүйесінің тұрақтылығына әсер ететін факторға айналып отыр. Агросекторда заманауи су үнемдеу технологиялары енгізіліп, суды көп қажет ететін дақылдар алқабы азайтылуда. Бұл үлкен жұмыстың басы ғана. Сарапшылардың есебінше, алдағы үш жылда су үнемдеуші технологиялар кемінде бір миллион гектарды қамтитын деңгейге жетеді. Цифрлық шешімдерді енгізу және жобаларды жүзеге асырудың барлық кезеңін қатаң бақылауға алу арқылы су инфрақұрылымын жаңғыртуды жеделдеткен жөн. Су шаруашылығын жаңғырту бойынша жұмыс жеткілікті, алайда бұл ауыл шаруашылығы саласын дамыту жоспарымен өзара байланысты болуға тиіс.

Біздің ведомстволар түрлі жоспарлар мен жол карталарын әзірлеумен әуестеніп кетті. Тіпті, оның көбі өз араларында келісілмейді, жүрдім-бардым жасалады. Мұндайды доғару керек.

Мемлекет жұмсаған әр тиынның қайтарымы болуға тиіс. Бұл даусыз. Қаржыны заманауи су пайдалану технологияларын белсенді қолданатын өңірлерге беру қажет. Сондықтан Ауыл шаруашылығы өндірісінің өңірлік жоспары Үкімет әзірлеп жатқан Су ресурстарын басқару жөніндегі бас жоспарына енгізілуге тиіс.

ЗАМАНАУИ ТЕХНИКА ШЫҒАРЫЛАДЫ

ТӨРТІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру тәсілдерін жетілдіру керек. Биыл ауыл шаруашылығына арналған жеңілдетілген несие көлемі ел тарихында алғаш рет 1 триллион теңгеден асты. Бұл – осыдан 5 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда 10 есе артық





көрсеткіш. Несие қолжетімді болуы үшін банктерге құзырлы мекеме тарапынан кепілдік беру тәсілі енгізілді. Биыл «Даму» қоры 1300 несиеге кепілдік берді. Сөйтіп несие алуға мүлкі жеткіліксіз көптеген шаруаның, әсіресе, шағын және орта деңгейдегі фермерлердің мәселесі оң шешімін тапты.

Елімізде өндірілетін техника жеңілдетілген лизингпен беріле бастады. Бұл әбден ескірген техниканы жаңартуға арналған өте тиімді шешім болды. Төрт жыл бұрын ауыл шаруашылығы техникаларының 90 пайызы тозып тұрған еді. Бұл көрсеткіш биыл 70 пайызға дейін төмендеді. Осы бағыттағы жұмысты бизнес өкілдерімен бірлесіп, әрі қарай жалғастыру қажет. Қазір шаруалар алып жатқан техниканың 90 пайызы Қазақстанда шығарылған. Еліміздегі 10 зауытта осындай 19 түрлі техника құрастырылады. Олардың қатарында әлемге танымал брендтер бар. Жақында Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапарым кезінде John Deere компаниясымен бірге құны 2,5 миллиард доллар болатын стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Соған сәйкес алдағы бес жылда елімізде 3 мыңға жуық заманауи техника шығарылады.



БЕСІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенін цифрландырумен нақты айналысқан жөн. Өздеріңізге мәлім, жаппай цифрландыру және барлық салаға жасанды интеллект технологиясын енгізу Жолдауымда басты міндет ретінде аталды. Ауыл шаруашылығы үшін мұның мәні өте зор. Себебі жаңа технологиялар шығынды айтарлықтай азайтып, өнімділікті ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ақмола облысында өткен кеңесте жиналған өнімді тиісінше сақтау және шығынды мейлінше азайту шараларын қамтамасыз етуді тапсырдым. Еліміздегі көптеген шаруа қожалығының қаржылық тұрақтылығы осыған байланысты.

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ДАМЫТУ ҚАЖЕТ

Алдымызда цифрлық технологиялар және жасанды интеллект элементтерінің көмегімен мемлекеттің бидай қорын есепке алатын және бақылайтын тиімді жүйе құру міндеті тұр. Ол үшін қолданыстағы астық қамбаларын жаңғыртып, заманауи элеваторлар салу қажет. Бидайды қабылдауды және жөнелтуді есепке алатын электрондық жүйенің болуы жеке элеваторлар құрылысын қаржыландыру бағдарламасының міндетті бір шарты болуға тиіс.

Бүгінде көптеген шаруалар технологиялық жаңашылдықты (смарт-ферма, агродрон, жер серігі технологиясы және ЖИ) белсенді қолдана бастады. Бірақ жалпы ел көлемінде қандай да бір жүйелі өзгерістер болып жатыр деп айтуға әлі ерте. Жекелеген «ақылды» шешімдерден толық цифрландырылған агроөндіріске көшу керек. Әрбір шаруашылық цифрлық технологияларды пайдалануға ниетті болғаны жөн. Мемлекеттік қолдау өндіріске инновацияны, соның ішінде жасанды интеллект технологияларын енгізіп жатқан кәсіпорындарға берілуі қажет. Агроөнеркәсіп кешеніндегі ақпараттық жүйелерді оңтайландыруды жалғастырған дұрыс. Қазір олардың арасында байланыс мүлде жоқ деуге болады. Көп жағдайда шешімдер қате статистика негізінде қабылданады. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының нәтижесі саладағы нақты жағдайды көрсетуге тиіс. Жинақталған мәліметтер агросектордағы цифрлық жүйелерді одан әрі дамыту мен жаңғыртуға негіз болады.

Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, салалық ақпараттық жүйелерді интеграциялауды, сондай-ақ мәліметтер сапасын тұрақты түрде бақылауға алуы керек. Электронды агроөнеркәсіп кешені платформасының базасында саланы кешенді басқаруға ықпал ететін ауыл шаруашылығы мәліметтерінің бірыңғай архитектурасын қалыптастырған дұрыс.

ШИКІЗАТ ШЫҒАРУМЕН ШЕКТЕЛМЕУ КЕРЕК

АЛТЫНШЫ. Терең өңделген өнім шығаруға басымдық беру қажет. Еліміздегі агроөнеркәсіп кешені көбіне шикізат шығарумен шектеліп отыр. Мұны ашық айтқан жөн. Ауыл шаруашылығын жоғары технологияға негізделген озық сала ретінде дамыту – маңызды міндет. 2023 жылы агроөнеркәсіптегі өңделген өнімнің үлесі небәрі 35 пайыз еді. Ал биыл 50 пайыз болды. Келесі жылы 70 пайызға толық жетуі керек. Қазір бұл салаға шетел инвесторларын тарту жұмысын тездету қажет. Тиісті жобалар аз емес, олардың бірнешеуімен жиын алдында таныстым, бірақ бір жерде тоқтап қалуға болмайды.

Агроөнеркәсіп кешенінің басты бағыттары бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қажет. Аса маңызды міндеттің бірі – жеке инвестиция тарту жұмысы. Әсіресе, озық технологиясы бар шетел инвесторларын елге әкеліп, оларға қолайлы жағдай жасау қажет. Жолдауда «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай болуы керек деп айттым. Үкімет агроөнеркәсіп кешеніне қатысты 200-ден астам инвестициялық жобаның тізімін жасады. Жалпы құны шамамен 4 триллион теңге (үш жылда) болатын бұл жобалар 12 бағыт бойынша жасалған. Енді осы жобаларға барлық деңгейде қолдау көрсетілуі керек, яғни орталық та, аймақтар да осы жұмысқа белсенді түрде қатысуы керек. Жобалардың қашан және қалай жүзеге асырылатынын мұқият ойластырған жөн. Әкімдіктер және министрліктер жедел әрі үйлесімді жұмыс істеуі қажет.

ЖЕТІНШІ. Өнімдерімізді халықаралық нарыққа көптеп шығаруымыз керек. Еліміз астық экспорты бойынша әлемдегі жетекші 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Сонымен қатар ұн экспорттау ісінде көш бастап тұр. Қазақстан астығы Орталық Азия, Иран, Ауғанстан елдері секілді дәстүрлі нарықтармен қатар Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Солтүстік Африкаға, атап айтқанда, Бельгия, Португалия, Норвегия, Ұлыбритания, Вьетнам, Марокко, Алжир мемлекеттеріне де жеткізіле бастады. Бұл біздің астық экспорты географиясының кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Еліміз майлы дақылдар мен өсімдік майын да көптеп сыртқа шығара бастады. Өткен жылы біз халықаралық нарыққа 18 мың тоннаға жуық қой етін шығарып, осы сала бойынша 10 озық мемлекеттің қатарына ендік. Дегенмен әлеуетіміз бұдан да мол.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫ ЖАЛҒАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Жалпы, агроөнеркәсіп кешені өнімдерінің экспорты 5 миллиард доллардан асады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің 200-ден астам түрі 70 мемлекетке экспортталады. Агроөнеркәсіп кешеніндегі әлеуетіміз бұл көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Оның үстіне әлемде экологиялық тұрғыдан таза азық-түлік өнімдеріне сұраныс артып келеді. Сондықтан стратегия дұрыс түзілсе, «Qazaq Organicfood» бренді халықаралық нарықта лайықты орнын алады. Елімізде органикалық өнімдер шығару стандарттары бекітілді. Осы бағыттағы жүйелі жұмысты жалғастыру қажет. Брендтерімізді кеңінен насихаттауға барынша қолдау көрсету – салалық құрылымдар мен елшіліктердің міндеті. Сарапшылардың болжауынша, алдағы 10 жылда әлемде мал етіне сұраныс 233 миллион тоннаға дейін ұлғаюы мүмкін. Қазақстан еттің осы түрін экспорттаушы ірі елдердің бірі бола алады. Алғашқы кезекте Азия елдерін қамтамасыз етуіміз керек. Қой етін экспорттауда еліміз Моңғолия, Нидерланд, Испания және Франция сияқты мемлекеттерден кейінгі орында тұр. Бірақ бізде жайылымдық жер жеткілікті. Қой шаруашылығының экспорттық әлеуетін толық таныту үшін жағдай жасау қажет.

Жолдауда аграрлық экспортты дамытудың жоспарын әзірлеу жөнінде міндет жүктедім. Бұл құжат логистиканы, ветеринариялық және фитосанитариялық стандарттарды, сондай-ақ сауатты маркетингтік стратегияны ескере отырып дайындалуы керек. Мәселен, Парсы шығанағы елдері біздің ет өнімдерін жыл бойы тасымалдауға ниетті. Бірақ бізде ауыл шаруашылығы өнімдерін әуе көлігімен тасымалдау ісі дұрыс үйлестірілмеген әрі тиісті деңгейде реттелмеген. Көп жағдайда кәсіпкерлер жүкті жеткізу мәселесін өздері шешуге мәжбүр. Бүгін маған тұрақты рейстермен Әмірліктерге ет жеткізіле бастағаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл тәжірибені аса дұрыс деп айта алмаймыз. Сонымен қатар Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Ақтау әуежайлары логистикасы дамыған әрі халықаралық әуе бағыттарымен интеграцияланған өңірлік хабқа айнала алады. Оларға арнайы экономикалық аймақтар аясында артықшылықтар берілген. Әуежайлардың толық қуатында жұмыс істеуі ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарыққа үздіксіз жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мәселені Үкімет жан-жақты пысықтауы керек.

Соңғы кездері ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерден жұмыс күші жетіспейтіні жөнінде көп өтініш түсіп жатыр. Бұл түйткіл, әсіресе, егін егу, жиынтерін науқанында, өндірісті кеңейту немесе жаңа нысандар құрылысы кезінде қатты сезіледі. Маман тапшылығы көршілес елдерден келетін еңбек мигранттары есебінен ішінара шешіледі. Шаруалар квотаны көбейтуді сұрайды. Олардың талабын ішінара орындауға болатын шығар. Бұл өзі қызық жағдай: бірі ауылда жұмыс жоқ десе, енді бірі жұмысшы жетіспейді деп шағымданады. Әрине, жұмыс бар, бірақ онымен шұғылданатын адам аз. Мұны мойындау керек.

Тағы да қайталап айтқым келеді: ауыл шаруашылығы дамыса, ең алдымен ауылдың жағдайы жақсарады. Мемлекет ауыл-аймақтарды көркейту үшін көптеген жобаларды қолға алды. Инфрақұрылым салудан бастап, ауылға білікті маман тарту мәселесіне дейін ауқымды жұмыс жүргізілуде. 2019 жылдан бері «Ауыл – ел бесігі» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба аясында ауыл инфрақұрылымын дамытуға 700 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Бүкіл ел бойынша 2,5 мыңнан аса елді мекенде нақты жұмыс атқарылды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 600-ден астам бірлестік құрылды. Үкімет биыл аймақтарды дамыту туралы арнайы тұжырымдама қабылдады. Соған сәйкес аудан әкімдерінің құзыры кеңейді. Енді олар ауданды дамыту жоспарын өз деңгейінде, дербес әзірлеп, жүзеге асыра алады.

Әкімдер ірі компаниялармен келісім жасап, бірлескен шаруашылықтардың (кооперативтердің) өнімін өткізуге көмектесуі қажет. Жалпы, ауылға жеке инвестиция тарту өте маңызды. Бұл жұмысқа бизнес өкілдері белсене атсалысуы керек. Табысқа жеткен әрбір кәсіпкер өз ауыл-аймағының өркендеуіне үлес қосып, қаржы салса, еліміздегі көптеген елді мекен көркейе түсері анық.

Еңбекқор, мақсаты айқын азаматтарымыз күнделікті маңдай терімен ұлттық байлығымызды еселеп, ел келешегінің жарқын болуына аянбай үлес қосуда. Мұндай іспен айналысып жатқан адамдарға қолайлы жағдай жасап, еліміздің шынайы патриоттарын ынталандырып отыру керек. Біз бұл шаруаны назардан тыс қалдырмаймыз.

ЕҢБЕК АДАМДАРЫНА – ҚҰРМЕТ

Біз Жұмысшы мамандықтары жылында еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсетіп жатырмыз. Нағыз еңбек, қайнаған тірлік ауылда, ауыл шаруашылығында екені сөзсіз. Өз ісіне тиянақты, жауапкершілігі жоғары, адал азаматтар қашанда табысқа жетеді. Былтыр мемлекеттік марапаттар жүйесіне «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағы енгізілді. Еліміздің ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін 9 азаматқа бүгін алғаш рет осы құрметті атақты тапсырамыз.

Бүгін ортамызда Ақтөбе облысынан келген Аманғос Төлеуов деген азамат отыр. Ол басқарып отырған кәсіпорын ауыл шаруашылығында зор табысқа жетіп, аймақ тұрғындарын сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп келеді. Мен еліміздің агроөнеркәсіп саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін Аманғос Сансызбайұлы Төлеуовке «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым.

Жақында Республика күні қарсаңында қырық бес жылдық тәжірибесі бар механизатор Мұрат Қаражұманов та Еңбек Ері атағын алды. Ауыл шаруашылығы саласы мамандарының ең жоғары мемлекеттік марапатқа ие болуы – заңды құбылыс. Себебі бұл – халқымыздың нағыз еңбек адамына көрсетіп жатқан зор құрметі және шынайы ықыласы.

Марапаттарыңыз құтты болсын!



№135 (4879) 15/11/2025 Сенбі



«ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘРІХАНА» КӨМЕК БЕРЕДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру шеңберінде қала прокуратурасы мен елорда әкімдігі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Астанадағы «Mega Silk Way» сауда және ойын-сауық орталығында азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Құқықтық дәріхана» іс-шарасын өткізді, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Акция барысында мемлекеттік органдардың өкілдері азаматтарға тұрғын үй, медицина, білім беру, кәсіпкерлік және басқа да бағыттар бойынша сұрақтарына жауап беріп, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оларға мемлекеттік қолдау шаралары мен құқықтарды қорғау тетіктерін түсіндірді.

«Президенттің бастамасымен іске асырылып жатқан «Заң және тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылып отырған бүгінгі іс-шарада қалалық прокуратура мен департаменттердің, елорда әкімдігінің басқармалары мен құрылымдық бөлімдерінің басшылары, жауапты мамандары тұрғындарға заңдар мен құқықтық нормаларды түсіндіріп, консультация беріп жатыр. Сауда және ойын-сауық орталығындағы кез келген азамат мемлекеттік органдардың құзыретіне қатысты өздерін толғандырған сұрақтарын қоюына мүмкіндік бар. Мұндай акциялар жиі ұйымдастырылып тұрады» деді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Мирас Абдрахман.

«Мен қала әкімінің орынбасары Есет Берікұлына дәріханадағы дәрі-дәрмектің бағасына қатысты мәселесі бойынша жүгіндім. Дәріханаларда баға айырмашылығы бар. Қала басшысының орынбасары маған бұл сұрақтарға сала мамандары егжей-тегжейлі жауап беретінін айтты. Жалпы, мұндай іс-шара маған ұнады. Осындай көпшілік жүретін орындарда тұрғындар өздерін толғандырған сұрақтарын қабылдауларына баруды күтіп жүрместен, бірден жергілікті билік өкілдерінен тікелей қоюға мүмкіндігі бар» деді зейнеткер Шара Мұхамедшакирова.

Құрметті елорда тұрғындары!

Астана қаласының мәслихаты «Негізгі спорт түрлеріне басымдық беруді ескере отырып, Астана қаласының тұрғындары арасында спорт пен дене шынықтыруды дамыту стратегиясы туралы. Халықтың барлық санаттарын, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарды, аға буынды бұқаралық спортқа тарту» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Көпшілік тыңдаулар 2025 жылғы 19 қарашада сағат 15:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аккаунтында онлайн режимінде өтеді.

Байланыс деректері: 55-66-35, astana@maslihat01.kz.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЖАСТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Елордада Қоғамдық кеңес мүшелері жастар ұйымдарының жұмысымен танысты. Атап айтқанда, әлеуметтік маңызы бар жобалар, коворкингтер мен аула клубтарының қызметін бағамдады.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Көшпелі іс-шара алдымен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығында өтті. Медиа және PR бөлімінің маманы Севиль Асадованың айтуынша, орталық 2014 жылдан бері жұмыс істеп келеді және волонтерлік қызметті дамыту, NEET санатындағы жастармен жұмыс, құқық бұзушылықтың алдын алу, бос уақытты тиімді ұйымдастыру сияқты бірнеше бағытты қамтиды. Осы уақытқа дейін 23 мыңнан астам жас оқудан өтіп, олардың 70 пайызы тұрақты жұмысқа орналасқан. Сондай-ақ «Үздік» және «Астана жас жігер» жобалары арқылы жастарды еңбекке баулып, спорттық және мәдени шараларға тартқан.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында «Esirtkisiz Elorda» және «Jarqyn Bolashaq» жобалары жүзеге асырылуда. Біріншісі – нашақорлықтың, екіншісі – құмар ойындардың алдын алуға бағытталған. Тек 2024 жылы бұл жобалар 1,5 миллионнан астам адамды қамтыған.



«Басты мақсатымыз – жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру. Еріктілер жүздеген халықаралық іс-шараларға қатысып, әлеуметтік жобаларда белсенді жұмыс атқарып келеді» деді ол.

Бүгінде орталық жанындағы қалалық еріктілер штабы сегіз мыңнан астам жастың басын қосқан. Олар жыл сайын мыңнан аса акция мен жобаға қатысады.

NEET санатындағы жастарды қолдау мақсатында 2023 жылдан бері «JOLTAP» жобасы іске асуда. Жоба аясында 13 жұмысшы мамандығы және цифрлық бағыт бойынша қысқа мерзімді бірнеше курстар өткізіледі.

Ал «Замандас» коворкингтері мен аула клубтарында жастар спортпен, шығармашылықпен айналысып, психологтар мен заңгерлерден кеңес алады. Қазіргі таңда мұндай клубтарда 2,5 мыңнан астам бала тәрбиеленуде.

Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» акциясы аясында 200-ден астам экологиялық іс-шара өткізілді. Еріктілер қаланы таза ұстауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосып келеді.

Одан кейін Қоғамдық кеңес мүшелері «Zamandas», «ProFit» және «Үркер» аула клубтарына барып, жастардың шығармашылық, спорттық және білім беру жобаларымен танысты.

Қоғамдық кеңес мүшелері Нұра ауданы аумағында орналасқан Coventry University Kazakhstan филиалы кампусында болып, университет оқытушылары және студенттерімен кездесті. Одан кейін Есіл ауданында орналасқан JOLTAP жобасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Осы жоба аясында білім алушылармен әңгімелесті.

Қоғамдық кеңес мүшелері сондай-ақ Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттер жатақханасын аралап көрді. Бұл 2656 орынға арналған «Integra Construction» жатақханасында студенттер үшін әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымдық жағдай жасалған, сондай-ақ инклюзивті студенттерге бейімделген блок та бар.

Екі күндік көшпелі іс-шараның нәтижесінде қаладағы жастар ұйымдары мен студенттердің әлеуметтік жағдайларына көз жеткізіліп, жақсы жетістіктер мен шешімін күткен проблемалар анықталды. Енді оның бәрі алдағы уақытта өтетін Қоғамдық кеңестің отырысында қаралатын болады.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

КӘСІБІНЕ БЕРІЛГЕН КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІ

Астананың ажарын келтіріп, таң атқаннан күн батқанға дейін қала тазалығы жолында аянбай еңбек етіп жүрген жандар арамызда аз емес. Солардың бірі – «Астана Тазалық» ЖШС-нің жүк тиегіш көлік жүргізушісі Нұрбол Хангельдинов.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының тумасымен көшеде, жұмыс үстінде таныстым. Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң жекеменшік фирмаларда еңбек етіп, кейін әкесінің шақыруымен елордадағы тазалық мекемесіне жұмысқа орналасқаны туралы ол аз-кем әңгімелеп берді.

– «Астана Тазалық» компаниясына 2017 жылы келдім. Жасым 33-те. Бастапқыда МТЗ тракторында жүргізуші болып істедім. Ол кезде әкем серіктестікте трактормшы еді, биыл құрметті демалысқа шықты. 2019 жылы кәсіпорынға JCB шағын жүк тиегіштер келіп, соның бірін тізгіндеу маған бұйырды. Кішкентайымнан әкемнің жанында жүріп көргендерім мен үйренгендерім бұл кәсіпте көп көмегін тигізді. Еш қиналмадым. Енді міне, жаз, көктем, күз айларында жол жұмысшыларының жинап қойған қоқыстарын, қыста қарды жүк тиегішке салып, сыртқа шығарып, бас қаланың жолдарын тазартумен айналысып жүрмін. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан олар қақаған аязда да жаяу жүргіншілерге арналған тротуарларды қар мен мұздан тазартады, жазда ыстық күн астында көшелерді сыпырады. Ал біз арнайы техниканың көмегімен механикаландырылған тазарту жұмыстарын жүргіземіз, – деді Нұрбол Оразалыұлы.

Айтуынша, қаланың санитарлық тазалығын қамтамасыз етумен айналысатын кәсіпорындағы көліктер жылдың әр маусымына сай қысқы, жазғы және арнайы техника болып үш түрге бөлінеді екен.

– Қар тазалайтын қысқы машиналар көшелер мен тротуарлардағы қарды шығарса, тұз-құм себетін техника көктайғақтың алдын алуға, ал фронтальды тиегіштер қарды тиеп, арнайы орындарға шығаруға және самосвалдар жиналған қарды тасымалдауға арналған. Барлық техникалар GPS жүйесімен бақыланады және Астана әкімдігінің коммуналдық қызметімен үйлестіріле жұмыс істейді. Менің міндетім – жол жұмысшылары жинап қойған жүктерді көтеру, тасымалдау, тиеу және түсіру, – деді машинист.

Тазалық көліктерін жүргізу сырт көзге оңай көрінгенімен, оның тілін түсіну екінің бірінің қолынан келе бермейді. Шағын жүк тиегіш машинаға отыру үшін Нұрбол Оразалыұлы алдымен арнайы оқыту курсынан өтті. Ал күнделікті жұмысы медициналық тексерістен басталады. Содан соң бекітілген учаскеге барып, үйілген қоқысты жинауға кіріседі. Жұрт шырт ұйқыда жатқанда ол таңмен таласа тұрып, үйреншікті шаруасына асығады. Аптасына бір-екі күн ғана емес, күнде солай.

– Басқаларды білмеймін, өзім таңғы сағат төртте тұрамын. Бесте базада боламын. Жұмыс алтыда басталады. Оған дейін техниканы дайындаймын. Содан соң барып іске кірісемін. Еңбекақымыз тұрақты түсіп тұрады. Ай сайын 350-400 мың теңгеге дейін жалақы, мереке сайын сыйақы алып жүрміз. Еңбегім ескерусіз қалып жатқан жоқ, кейде мереке күндері мақтау қағазын, алғыс хат алып келемін, жаңа жылда кішкентайларға жеке-жеке тәтті қорапшалар береді. Сондайда балаларымның қуанғанын көрсеңіз. Жалпы, өз басым қала тазалығына атсалысқанымды мақтан тұтамын. Астанаға алғаш келген кездегідей емес, қазір адамдар қолындағысын қай жер болса сонда тастай салмайды. Қадам бассаң кездесетін қоқыс жәшігін тауып, соны пайдалануға тырысады. Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын жағдай мүлде басқаша болатын. Бүгінде тұрғындардың мәдениеті өскен, талғамы жоғары. Дегенмен, бәрі бірдей тәртіпті деуге келмес, қоқыс қалдықтарын жөнсіз тастайтындар да кездесіп қалады. Ал кейбір үлкен кісілер, қолдарбада жүретіндер әдейі қасыма келіп алғысын айтып, батасын бергенде төбем көкке жеткендей болады, – деді көлік жүргізушісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Еңбекқорлық – ең асыл қасиеттің бірі. Еңбек адамы, ең алдымен, туған елінің жарқын келешегі үшін аянбай жұмыс істейтін адам». Бұл қағида Нұрболдың күнделікті өмірінде іске асуда.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҚАУІПСІЗ ОРТА – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Астананың Экономика және заң колледжінде «Қауіпсіз орта: заң мен тәртіптің негізі» тақырыбында жиын өтті. Кездесуде Байқоңыр ауданы әкімдігі мен осы ауданның Төтенше жағдайлар басқармасының өкілдері жастарға өзекті мәселелер жөнінде мағлұмат берді.

«Қауіпсіз орта – бұл тек төтенше жағдайдың болмауы емес, қоғамдық тұрақтылық, сыйластық және әр азаматтың жауапкершілігі. Президентіміз айтқандай, «Заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі». Яғни заңды сақтау мен тәртіпке бағыну – еліміздің тұрақтылығы мен болашағының кепілі. Байқоңыр ауданының әкімдігі мен Төтенше жағдайлар басқармасы жастармен кездесу өткізіп, қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет етуді үйретуге айрықша мән беріп келеді. Осылайша құтқарушылар күн сайын халықтың қауіпсіздігі үшін аянбай еңбек етумен қоса, апаттың алдын алу және түсіндіру жұмысына атсалысып отыр» дейді Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы Нұрислам Батырбек.

Байқоңыр аудандық Төтенше жағдайлар басқармасының инженері Айтбек Темірлан апатты жағдайларды тудыратын негізгі себептер туралы айтып, мұндай оқиғалардың алдын алудың тиімді жолдарын түсіндірді.

«Біздің басты мақсатымыз – адам өмірін қорғау, төтенше жағдайлардың алдын алу және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру. Бірақ қауіпсіздікті бір ғана төтеншеліктер қамтамасыз ете алмайды – әр адам өзінің және өзгенің қауіпсіздігі алдындағы жауапкершілігін сезінуі керек. Өкінішке қарай, қазіргі кезде, әсіресе, балалардың терезеден құлап кету фактілері бойынша елордамыз алдыңғы қатарда тұр, бұл – баршамыз үшін алаңдатарлық жағдай. Көп жағдайда мұның себебі – қарапайым қауіпсіздік шараларының сақталмауы. Сондықтан әрбір ата-ана, әрбір азамат балаларға қамқорлық жасап, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет» дейді ол.

Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі мәселесі өте өзекті. Өрттің негізгі себептері – электр құралдарын дұрыс пайдалану, пеш пен газды қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтамау немесе адамдардың абайсыз әрекеті. Сондықтан әр үйде қарапайым ережелерді сақтау – өрттің алдын алудың ең тиімді жолы. Мысалы, пешті өшіру, сымдарды дұрыс жалғау, өрт сөндіргіштің болуы және балаларды қараусыз қалдырмау.

Мамандар ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заң мен Өрт қауіпсіздігі қағидалары туралы ерекше атап өтті. Аталмыш заңда әрбір азаматтың өз өмірі мен мүлкін қорғаудағы міндеттер нақты көрсетілген. Құқық талаптарын сақтау арқылы ғана қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ «Балаларды қорғау туралы» заң бойынша ата-аналар өз балаларын қараусыз қалдырмауға, қауіпті жағдайлардың алдын алуға міндетті. Терезелерге қорғаныш торларын орнату, электр құрылғыларын қауіпсіз пайдалану – заңда көрсетілген қарапайым, бірақ маңызды талаптар.







ТЫНЫШТЫҚ ТАЛАПТАРЫН БҰЗУ КӨБЕЙДІ

Жыл басынан бері Астанада түн тыныштығын бұзу бойынша 40 мыңнан астам құқық бұзушылық дерегі тіркелген. Қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың тыныштығын қамтамасыз ету бойынша тәртіп сақшылары профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

Құқық бұзушылар қатарында пәтерінде музыка дыбысын қатты қойғандар, көлік ішінен дыбыс күшейткіштер арқылы әуен қосқандар, түнгі уақытта құрылыс немесе жөндеу жұмысын жүргізгендер бар. Мәселен, көпқабатты үйдің бір тұрғыны бірнеше рет ескерту алғанына қарамастан, түнгі сағат 01:00-де үйінде музыка дыбысын қатты шығарып, көршілердің мазасын алған. Оқиға орнына барған учаскелік полиция инспекторлары тарапынан тиісті шаралар қабылданды. Сонымен қатар қала ішіндегі аудандар бойынша тәртіп сақшыларының қатысуымен жедел алдын алу іс-шаралары тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Қоғамдық тәртіпті бұзушыларға қатысты құқықтық түсіндіру жұмысы да қатар жүргізілуде.

Полиция қала тұрғындары мен қонақтарын тыныштық сақтау ережелерін қатаң ұстануға шақырады. Әсіресе көпқабатты үйлерде тұратын азаматтардың көршілерге құрметпен қарап, дауыс деңгейін бақылауда ұстауы – өзара сыйластықтың белгісі. Тыныштық – бұл жай ғана заң талабы емес, әрбір адамның демалуына, жұмыс істеуіне және денсаулығына қажетті жағдай.



ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚАҺАРМАНДАРЫ

Елордада бейбіт уақытта ерлік пен батырлық танытқан полиция қызметкерлері мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілерін ұлықтауға арналған республикалық «Қазіргі заман қаһарманы» акциясы өтті.

Іс-шарада ҚР Ішкі істер министрлігі жеке құраммен жұмыс жөніндегі департаментінің бастығы Олжас Мырзабеков, Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Марат Төлебаев және Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасары Қайрат Үмбетов құттықтау сөз сөйледі.

Салтанатты рәсім барысында қызметтік борышын атқару кезінде шынайы ерлік пен жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен, ел тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қорғаған бір топ ержүрек жандар марапатталды.

– «Қазіргі заман қаһарманы» республикалық акциясы – қоғамға қызмет етудің, өмірінің мәні мен адамдарға деген терең құрмет пен алғыс білдірудің нышаны. Арамызда өзгенің өмірін құтқару үшін еш ойланбастан қауіпке қарсы батыл қадам жасаған азаматтар бар. Бірі өз өмірін қатерге тігіп, өртеніп жатқан үйден баланы құтқарды. Бірі көлік астында қалған адамды тартып шығарып, қайғылы жағдайдың алдын алды. Әрқайсыңыз – жас қызметкерлер үшін үлгісіздер, нағыз полиция офицерінің бейнесісіздер, – деді полиция генерал-майоры Марат Төлебаев.

Іс-шараға ішкі істер органдарының ардагерлері, оқушылар мен мектеп директорлары, сондай-ақ қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан полицейлердің жақындары қатысты.

Салтанатты рәсімнің ең әсерлі сәтінің бірі – Ішкі істер министрі атынан қаза тапқан қызметкерлердің аналары мен жұбайларына гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ жастарға патриоттық тәрбие беруде белсенділік танытқан мектеп директорларына алғыс хаттар берілді. Жиын соңында барлық қатысушы ҚР Қарулы күштерінің әскери-тарихи музейін аралады. Музей қызметкерлері еліміздің әскери даңқ шежіресін және отансүйгіш батырлардың ерлік жолын таныстырды. Антқа адал азаматтарымыз әскери жәдігерлер мен тарихи экспонаттарды тамашалап, еліміздің тәуелсіздігін қорғаған жауынгерлердің ерлік дәстүрінен рухани әсер алды.

Бетті дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

АВТОКӨЛІКТЕН ЕСІРТКІ ТАПТЫ

Бас қалада «Қарасора-2025» жедел-профилактика іс-шарасы барысында полицейлер қызметтік иттің көмегімен есірткі қылмысын әшкереледі.

«Күйгенжар» бекетінде полиция қызметкерлері BMW маркалы автокөлікті тоқтатып, тексеру жүргізген. Тексеру барысында кинология қызметінің қызметтік иті Байкал көлік салонында тыйым салынған заттың барын сезіп, белгі берген. Бар болғаны 5 минут ішінде иттің қырағылығының арқасында полицейлер автокөліктен есірткіге ұқсас зат – гашишті тәркіледі. Оқиға орнында 33 жастағы күдікті азамат есірткі заттарын сақтау фактісі бойынша ұсталды. Қазіргі уақытта бұл дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды.

Айта кетейік, Астана қаласы Полиция департаментінің кинология қызметі орталығында 50-ден аса қызметтік ит бар. Олардың басым бөлігі есірткі мен жарылғыш заттарды іздеуге, ізіне түсуге және қылмыс іздерін анықтауға мамандалған. Байкал есімді ит ротвейлер тұқымына жатады. Ол төрт жылдан бері полиция қатарында қызмет атқарып келеді. Негізгі міндеті – есірткі заттарын іздеу. Иіс сезу қабілетіне арнайы ойын тәсілдері арқылы үйретілген.

Полиция қызметкерлері азаматтарды заңсыз есірткі айналымына қарсы күреске белсенді қатысып, күдікті деректер туралы бірден құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырады.



№135 (4879) 15/11/2025 Сенбі

Шапағат ӘБДІР



ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ ҚАНДАЙ?

Ел экономикасын әртараптандырып, шетелден инвестиция тарту, халықаралық қаржы қатынасын нығайту, аймақтық қаржы хабын қалыптастыру және заманауи қаржы инфрақұрылымын жетілдіру – уақыт талабы. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Астана халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) сияқты ірі қаржы институттарының құрылуы – ел дамуының стратегиялық баспалдағы. Мұндай орталықтар Қазақстанды жаһандық қаржы кеңістігімен байланыстырып қана қоймай, ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілетін арттыруға зор үлес қосады. Сондықтан Астана халықаралық қаржы орталығында бизнесті жүргізу үшін бірегей жағдай ұсынылған.

КІРІС ПЕН ШЫҒЫС КӨЗІ НЕ?

Жалпы АХҚО-ның қаржыландыруы мен шығыстары туралы ақпарат ашық әрі қолжетімді. Орталықтың бюджетіне қатысты деректер жыл сайын Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті құрамында жарияланып отырады.

АХҚО-ның басты мақсаты – заманауи қаржы инфрақұрылымын қалыптастыру, қор нарығын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау және ел экономикасына инвестиция тарту. Оның қызмет моделі мемлекеттік даму институттарының жұмысына ұқсас: министрліктер саясатты қалыптастырса, АХҚО бизнес-белсенділікті арттыруға, капитал нарығын дамытуға және инвестиция экожүйесін құруға жағдай жасайды.

Орталықтың негізгі қаржыландыру көзі – мемлекеттік бюджет. Бұл қаражат инфрақұрылымды жетілдіруге, цифрлық сервистер мен құқықтық базаны дамытуға, сондай-ақ АХҚО-ны халықаралық деңгейде ілгерілетуге бағытталады.

АХҚО-ның қаржы есептері ҚР Қаржы министрлігі қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында ашық түрде орналасқан. Сонымен қатар қаражаттың жұмсалуы мен негізгі нәтижелері туралы мәліметтер қамтылған жыл сайынғы есептер орталықтың ресми сайтында жарияланып отырады.

БЮДЖЕТКЕ ӘЛІ ТӘУЕЛДІ МЕ?

Қаржы орталығының қайтарымы мен болашағына күмәнмен қарайтындар да аз емес. Өйткені 2020 жылы Астана халықаралық қаржы орталығы, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2023 жылға дейін өзін-өзі қаржыландыруға шығатынын жариялады. Осы мақсатта сол жылы АХҚО-ның бюджеттен қаржыландыру өтінімі 40%-ға қысқарды. Салыстырсақ, 2019 жылы орталыққа бюджеттен 20 млрд теңге бөлінсе, бұл сома 2020 жылы – 13,1 млрд, 2021 жылы – 11,8 млрд, 2022 жылы – 9,9 млрд, ал 2023 жылы 9,1 млрд теңгеге дейін азаюы тиіс болатын. Жоспар бойынша 2023 жылдан бастап орталық толықтай өзін-өзі қамтамасыз етуі керек еді. Алайда бұл жоспар орындалмады. Депутаттар болса АХҚО-ның әлі де бюджет есебінен өмір сүріп отырғанын сынға алды. Мысалы, 2023 жылы 9,1 млрд теңге алуы тиіс болса да, іс жүзінде 10,4 млрд теңге сұратып алған. 2024 жылы да 8,9 млрд теңге жұмсалса, 2018 жылдан 2025 жылды қоса алғанда, мемлекет бюджетінен АХҚО-ға 114,6 млрд теңге бөлінген. Жаңа жоспарға сәйкес, 2025-2027 жылдары АХҚО-ға ел қазынасынан жыл сайын шамамен 7,1-7,4 млрд теңге бөлінбек. Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова АХҚО-ның 2023 жылдан кейін өзін-өзі қаржыландыруға көшуге уәде бергенмен, жыл сайын республикалық бюджеттен қаржы сұрауын жалғастырып отырғанын сынға алып, АХҚО-ны мемлекеттік бюджеттен қаржыландырудың жалғасуы жақсылыққа апармайтынын айтқан.

УӘДЕ НЕГЕ ОРЫНДАЛМАДЫ?

Шынында, орталық 2023 жылдан бастап өз-өзін қаржыландыруға көшеді деген уәде берген. Бұл мақсат неліктен орындалмады, қай бағыттар жоспарланған табысты әкелмей қалды деген сұрақты біз АХҚО-ның өзіне жолдадық.

– Біз орталық жетістігін жекелеген бағыттардан түскен табыс бойынша емес, экономикаға қосқан жалпы үлесі бойынша бағалаймыз: жаңа инвестициялар, салық түсімдері, жұмыс орындарын құру және тұтастай алғанда қаржы секторын дамыту. Яғни АХҚО арқылы тартылған инвестиция көлемі 18,2 млрд АҚШ долларын құрайды. АХҚО қатысушылары ел бюджетіне 221,2 млрд теңге салық төледі, сөйтіп ол 10000-ға жуық жұмыс орны құрылған алаңға айналды, – деп жауап берді АХҚО-ның баспасөз қызметі.

> АХҚО құрамындағы компаниялар ел экономикасының түрлі саласында жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі қаржы және сақтандыру саласында – 1497 компания. Ақпарат және коммуникация бағытында – 809, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында – 589, көтерме және бөлшек саудада 580 компания тіркелген. Сондай-ақ тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 216, өңдеу өнеркәсібінде – 165, ал басқа салаларда 735 компания қызмет атқарады

ҚАНША КОМПАНИЯ МЕН ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТІРКЕЛГЕН?

Бүгінгі таңда Астана халықаралық қаржы орталығының экожүйесінде әлемнің 88 елінен, соның ішінде Қытай, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Түркия, Сингапур және басқа да мемлекеттерден 4500-ден астам компания тіркелген. Айта кететіні, АХҚО-да тек заңды тұлғалар тіркеле алады.

АХҚО құрамындағы компаниялар ел экономикасының түрлі саласында жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі қаржы және сақтандыру саласында – 1497 компания. Ақпарат және коммуникация бағытында – 809, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында – 589, көтерме және бөлшек саудада 580 компания тіркелген. Сондай-ақ тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 216, өңдеу өнеркәсібінде – 165, ал басқа салаларда 735 компания қызмет атқарады.

ШЕТЕЛДІКТЕР ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?

Қазіргі таңда АХҚО-да 4,5 мыңнан астам компания тіркелген. Оның шамамен 2 мыңға жуығы – шетелдік, ал 2,5 мыңнан астамы – қазақстандық компаниялар.

Шетелдік қатысушылар әлемнің 88 елінен келген. Географиялық тұрғыдан алғанда, олардың ішінде Азия елдерінен – 1223 компания, Еуропадан – 304, ТМД мемлекеттерінен – 294, Таяу Шығыс пен Африкадан – 48, ал Америка, Океания және өзге аймақтардан 117 компания бар.

САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІГІН АЛҒАНДАР БАР МА?

– АХҚО-да тіркелген барлық компания Қазақстан Республикасының салық резиденті болып саналады. Орталық қатысушыларына 2066 жылға дейін қолданыста болатын ерекше салық режимі қарастырылған. Бұл режим бизнес үшін тұрақтылық пен ұзақмерзімді болжамдылықты қамтамасыз етеді. Салық жеңілдігі тек шектеулі санаттағы компанияларға ғана беріледі. Атап айтқанда: қаржы нарығының лицензияланған қатысушылары – корпоративтік табыс салығы (КТС) мен қосылған құн салығынан (ҚҚС) босатылған 130-дан астам компания; FinTech-компаниялар – КТС және ҚҚС төлеуден босатылған 20-дан астам компания; қосалқы қызмет ұсынушылар (ASP) – заңгерлік, аудиторлық, бухгалтерлік және кеңес беру қызметтерінен түсетін табысқа КТС төлеуден босатылған 130-дан астам компания бар. Қалған компаниялар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес барлық салықты толық төлейді. АХҚО қаржы қызметтерін реттеу комитеті (AFSA) барлық компанияның қызметін қатаң қадағалап, меншік иелерін бенефициарларға дейін тексеріп отырады. Сондай-ақ олар тұрақты есептілікті ұсынады және Қаржы мониторингі агенттігімен өзара жұмыс істейді. Бүгінгі таңда АХҚО қатысушылары мемлекет қазынасына жалпы 221,2 млрд теңге салық төледі, – дейді АХҚО баспасөз қызметі.

АХҚО ОФФШОРЛЫҚ АЙМАҚ ПА?

Кейбір сарапшылар АХҚО резиденттері осы салық артықшылығын пайдаланып, табысын елден тыс жерге шығарып кету қаупі бар дегенді алға тартады. Бірақ АХҚО өкілдері бұл пікірмен келіспейді. Орталық оффшорлық аймақ емес және компанияларға салықтан жалтаруға немесе табысты елден тысқа шығаруға мүмкіндік бермейді. Керісінше, оның қызметі толық ашық, айқын және есеп беру қағидатына негізделген.

АХҚО-ның реттеуші органы барлық қатысушыны қатаң бақылайды: тіркеу кезінде компания иелері мен олардың түпкілікті бенефициарлары мұқият тексеріледі, ал кейін тұрақты түрде қаржы есебіне мониторинг жүргізіледі. Барлық тіркелген компания туралы мәлімет ашық жария тізілімде қолжетімді. Сонымен қатар АХҚО халықаралық қаржы ашықтығы стандартын ұстанып, 2023 жылы FATF стандартына сәйкестігі бойынша жоғары баға алған. 2022 жылы АХҚО ЭЫДҰ-ның салық базасын бұлыңғырлауға және пайданы шығаруға қарсы күрес (BEPS) бастамасының талаптарына сай деп танылған.

ТАБЫС ҚАЙДАН КЕЛЕДІ?

Қазір әлемнің назары криптовалюта мен цифрлық активтер нарығына ауды. Жаңа экономикалық бағыт – жаһандық қаржы жүйесінің болашағын айқындайтын басты фактордың бірі. Осындай үдерістен кейін ел аумағында криптовалюталарды заңдастыру және реттеу мәселесі бойынша Астана халықаралық қаржы орталығы не істемек деген сұрақтың туу заңды. Алайда оған АХҚО өз аумағында цифрлық активтермен жұмыс істеуге қажетті құқық және инфрақұрылым жағдайы бұрыннан жасалғанын айтады. Олардың айтуынша, АХҚО цифрлық активтермен жұмыс істеуге арналған толыққанды экожүйені қалыптастырған: қазіргі таңда мұнда 27 лицензияланған қатысушы бар, оның ішінде 12 криптобиржа қызмет етеді екен.

2025 жылы цифрлық активтер қызметін көрсететін провайдерлердің клиенттер саны 170 мыңнан асып, тек алғашқы 6 айдың өзінде транзакциялар көлемі 3,6 миллиард АҚШ долларынан жоғары болған. Ал 2025 жылдың қазан айында IOSCO ұйымы жариялаған «Крипто және цифрлық активтер нарығына арналған ұсынымдардың іске асырылуын бағалау» есебінде АХҚО крипто және цифрлық активтерді реттеу саласында жетекші әлемдік юрисдикциялар қатарынан табылған.

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР ҚАТАҢ ҚОРҒАЛУЫ ТИІС

Елімізде интернеттегі алаяқтық пен деректердің заңсыз таралуы мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Соңғы жылдары жеке ақпараттың заңсыз жиналуы мен сатылуы, банк карталары мен онлайн-сервистер арқылы жасалатын алаяқтық оқиғалары жиілеген.

2025 жылы Қазақстанда 14 мыңнан астам интернет-алаяқтық фактісі тіркеліп, бұл өткен жылмен салыстырғанда 22%-ға артқан. Қылмыстардан келген залал 6 миллиард теңгеден асқан. 2025 жылғы маусымда 16 миллионнан астам қазақстандықтың деректері ашық тараған еді. Бұл оқиға мемлекеттік және квазимемлекеттік жүйелердің осал тұстарын айқын көрсеткен. Мәселенің ауқымы кең, ал қолданыстағы іс-шаралар жеткіліксіз. Көптеген компания үшін қазіргі айыппұлдар символикалық сипатта, бұл жүйелі қорғаныс шараларын енгізуге ынталандырмайды.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, заңнаманы күшейтуді ұсынамын. Мысалы, Еуропалық Одақта GDPR нормаларын бұзған компаниялар 20 млн еуроға дейін немесе жылдық айналымының 4%-ын айыппұл ретінде төлейді. Ал Қытай мен Австралияда бұл мөлшер одан да жоғары. Осыған байланысты Үкіметке мынадай ұсыныстарымды жолдаймын:

* жеке деректерді заңсыз пайдаланғандарға қатысты жауапкершілікті күшейту;
* мемлекеттік және квазимемлекеттік IT-жүйелердің қауіпсіздігін кешенді тексеру;
* негізгі ақпараттық жүйелерге аудит жүргізу;
* анықталған тәуекелдер бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Бұл қадамдар формалды сипатта қалмауы тиіс. Мақсат – азаматтарды нақты қорғау және мемлекеттік жүйелерге деген сенімді нығайту.

Әбутәліп МҮТӘЛІ,
Мәжіліс депутаты

МҰХТАР МҰРАСЫ – АЛТЫН ҚАЗЫҚ



Елордада «Мұхтар Әуезов мұрасы: ұлт руханиятының алтын қазығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шараны заңғар жазушының аты берілген №86 мектеп-гимназияда Астана қаласының Білім басқармасы, қалалық Әдістемелік орталық және аталмыш орта білім беру ошағы ұйымдастырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Ұйымдастырушылар конференция қатысушылары мен қонақтарын «Дарынымен бас идірген драматург», «Алаш жолын жалғаған қайраткер», «Ұлы дала мәдениетінің жаршысы», тағы да осы сияқты классик қаламгерді әр қырынан ашатын, бейнелеу өнері туындылары қойылған «Қазақты танытқан Әуезов әлемі» атты көрмемен қарсы алды. Оқушылар заңғар жазушының «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді көрсетті.

Алғашқы сөзді алған Оқуағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев Мұхтар Әуезов мұрасы халқымыздың рухани әлемінің биік шыңы екенін, оның шығармалары арқылы ұлт тарихын, мінезін, адамгершілік пен ізгілік ұстанымдарын танитынымызды атап өтті.

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия директоры Гүлмира Оразбекова бұл конференцияның маңызына тоқталды. Әуезов шығармалары әр адам баласына үлгі-өнеге болатынын айтты.

«Әуезов әлемі тек әдебиет әлемі емес, бұл – адамгершілік, әділет, рух пен парасат мектебі. Оның тағылымы арқылы тұлғаны қалыптастыру – ортақ міндетіміз» деді мектеп басшысы.

Жиынның пленарлық отырысын жүргізген ҰҒА академигі, Ұлттық құрылтай мүшесі, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы Мұхтар Әуезовтің Алаш қайраткерлерімен байланысы туралы сөз сабақтап, Қаныш Сәтбаевтың «Абай жолы» эпопеясы – қазақ өмірінің энциклопедиясы», Ғабит Мүсіреповтің «Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетін ренессанс деңгейіне көтерді», Шыңғыс Айтматовтың «Абай жолы» – көркемдік, әлеуметтік энциклопедиямыз, біздің ортақ мандатымыз» деген сөздерін еске алды. «Смағұл Сәдуақасұлы және Мұхтар Әуезов: Алаш жолындағы мүдделестік» тақырыбында баяндама жасады.

Белгілі абайтанушы, әуезовтанушы, алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, Мұхтар Әуезов жайлы 7 кітап жазған Тұрсын Жұртбай «Абай жолы» романындағы тарихи және көркемдік шындық мәселелеріне тоқталды.

«Қазақ топырағында қара сөзден көркем ойды жеткізуде Әуезовтен асқан ешкім жоқ. «Мына тар заман менің сорыма сені берді» деп Абайдың аузына салған Мұхтар Әуезовтің сөзі – Әуезовтің өзін айтып отырғаны. «Абай жолына» Алашты кіргізіп, сол үшін өмірінен айырыла жаздаса да, Әлиханды Әзімхан деп енгізді. Жағымсыз образ арқылы әйтеуір Алашты көркем санаға кіргізу деген ойы болды. Көркем шындық – барлық өмірлік шындықтың қоспасы. Өмірлік оқиға біткен жерден көркем шығарма басталады. Құнанбайдың иығына шыққан сайын Абай бейнесі биіктей береді» деген Тұрсын Жұртбай Әуезовтің «Абай жолын» жазудағы мақсатына, сондағы кейіпкерлердің шын өмір мен шығармадағы бейнелеріне тоқталды.

Жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Толымбек Әбдірайым Мұхтар Әуезов әңгімелерінде көтерілген қоғамдағы рухани дағдарыс пен адамдық, ізгілік мәселесі туралы ойын жеткізді. Белгілі әдебиеттанушы ғалым, сыншы Амангелді Кеңшілікұлы Ахмет Байтұрсынұлы «Абай – қазақтың бас ақыны» мақаласын, Әлихан Бөкейхан Абайдың некрологын жазғанмен, абайтанудың негізін Мұхтар Әуезов қалағанын, «Абай жолымен» ғана емес, «Қорғансыздың күні», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қаралы сұлу», «Оқыған азамат» шығармаларымен де қазақ әдебиетін әлемдік классикалық деңгейге көтергенін ерекше атап өтті.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми қызметкері Біржан Ахмер Мұхтар Әуезов шығармалары негізінде құндылыққа бағдарланған білім беру, осы академияның Орта білім мазмұны институтының ғылым хатшысы Жанбота Есепбай Әуезов шығармалары арқылы білім алушыларды ұлттық болмысты танытуға баулу бағытындағы жұмыстарға тоқталды. К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Риза Әлмұхан кеңестік дәуірдегі тарих пен әдебиетті оқытқанда, қазақтың творчестволық интеллигенциясын бір-біріне қарсы қоюға болмайтынын айта келе, Халел Досмұхамедұлы мен Мұхтар Әуезовтің байланысы туралы баяндады.

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназияға «Алматыкітап» баспасынан шыққан «Көксерек» кітабы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты шығарған кітаптар сыйға тартылды. Аталмыш мектеп пен М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының Астана филиалы арасында меморандумға қол қойылды. ҰҒА академигі, Ұлттық құрылтай мүшесі, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы бастаған бір топ азамат «Мұхтар Әуезов» медалімен марапатталды. Ғылыми жиын секциялық отырыстарға ұласты. Кеше бұл конференция Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжде жалғасса, бүгін Жидебай және Бөрілі ауылдарында өтеді.



Астанада «Жошы ұлысы дәуірі мұрасының контексіндегі Бозоқ: музейлік кеңістіктегі репрезентация мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шара аясында «Көне Бозоқ қалашығының археологиялық қазбалары негізінде ашық аспан астындағы ұлттық парк құру» жобасының толықтырылған тұжырымдамасы таныстырылып, талқыланды.

БОЗОҚ ЖӘНЕ ЖОШЫ ҰЛЫСЫ



Іс-шара Парламент Сенатының депутаты Айгүл Қапбарованың кіріспе сөзімен басталды. Өз сөзінде ол бұл тарихи-мәдени жобаның ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тұрғысынан, тарихи жадты сақтау мен ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудегі маңызын атап өтті. Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Мақсат Арғынбеков Жошы ұлысы дәуірін зерттеудің маңызына және Бозоқ қалашығының дала өркениетінің тарихи-мәдени мұрасындағы ерекше орнына тоқталды.

Конференцияға Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Мысыр, Ирландия және Тунистен жетекші ғалымдар қатысты. Мысырдан келген тарих ғылымдарының докторы, Асуана университетінің профессоры Абдулазим Гхалваш Мохаммед Риад қыпшақтардың Мысырдың саяси және әскери тарихындағы рөліне тоқталып, Еуразия даласынан шыққан тұлғалардың мәмлүк ақсүйектерін қалыптастырудағы ықпалын атап өтті. Ресейлік зерттеуші, PhD Исмет Заатов Дешті Қыпшақтағы Алтын және Ноғай ордаларының мәдени және саяси мұрасын саралады. Өзбекстаннан келген тарих ғылымдарының докторы, профессор Шодмон Вохидов Хорезм мемлекетінің дамуындағы және Жошы ұрпақтарының рөліндегі генеалогиялық сабақтастықты талдады. Ирландиядан келген тарих ғылымдарының кандидаты, PhD Булат Рахимзянов Жошы ұлысының тарихнамасы мен оның халықаралық ғылыми зерттелуіндегі заманауи бағыттарды ұсынды. Тунис академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Мирлан Наматов түркі-мәмлүк ақсүйектерінің Шығыс Жерорта теңізі тарихындағы орнын ашып көрсетті. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Александр Майоров Жошы ұлысының әкімшілік құрылымы мен әскери ұйымдасу жүйесін талдады. Тарих ғылымдарының докторы Айболат Көшкінбаев Мұхаммед Шайбани ханның тұлғасын Шыңғыс әулетінің сабақтастығы мен жаңа мемлекеттіліктің қалыптасуы тұрғысынан қарастырды. Ал конференцияның екінші пленарлық сессиясында Жошы ұлысының мәдени және рәміздік мұрасы талқыланды. «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Сәуле Бурбаева «Бозоқ ұлттық паркінің жаңартылған тұжырымдамасын мемлекеттік мәдени саясат контексінде бекітудің маңызы» атты баяндама жасап, музей-қорықтың құрылу тарихын, жобаның ұлттық бірегейлікті нығайтудағы және қазіргі мәдени саясатты жүзеге асырудағы стратегиялық рөлін атап өтті. К.Ақышев атындағы археология институтының директоры Марал Хабдулина Бозоқтың Алтын Орда кезеңіндегі рухани және әкімшілік орталық ретіндегі маңызын баяндады. Түркияның Бозок университетінің профессоры, PhD Мехмет Кутлу Сарыарқа мен Анадолыдағы тарихи-мәдени параллельдерді ашып көрсетті. Новосибирск мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Леонид Бобров XI-XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақ көшпенділерінің әскери мәдениетіне жан-жақты талдау жасады. Өз баяндамасында ғалым әскери тактика мен қару эволюциясын, жауынгерлік символиканы жан-жақты сипаттап, түркі қағанаттары дәуірінен Жошы ұлысына дейінгі әскери дәстүр сабақтастығын ашып көрсетті. Тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф, суретші Қалиолла Ахметжан көшпелілердің шабуыл және қорғаныс техникасының реконструкцияларын ұсынды. Жошы ұлысын зерттеу ғылыми-зерттеу институтының директоры Жақсылық Сәбитов ұлыстың этносаяси тарихы туралы баяндады. Тарих ғылымдарының кандидаты Зүбайда Сұрағанова Бозоқ қалашығына қатысты сакралды география мен аңыздық мотивтерді сипаттады.

Конференция барысында Бозоқ қалашығының жай ғана археологиялық нысан емес, Ұлы дала мәдениеттерінің сабақтастығын айқындайтын рәміз екені аталып өтті. Қабылданған қарарда «Бозоқ» тарихи-мәдени жобасының жаңартылған тұжырымдамасы Еуразия далалық өркениеттерінің мұрасын сақтау мен насихаттаудың стратегиялық бағыты ретінде бекітілді.

АИТВ ТУРАЛЫ АҚИҚАТ

АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) – ұзақ уақытқа созылатын, иммундық жүйені әлсіретететін жұқпалы ауру. Егер дер кезінде ем қабылданбаса, ол ЖИТС-ке (жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы) әкелуі мүмкін. Вирус анықталғанына 40 жылдан астам уақыт өтсе де, оны толықтай емдеп жазудың тәсілі әлі табылған жоқ.

Ақпараттың жеткіліксіздігінен «АИТВ жұқпасы» диагнозы көбіне өлім жазасындай қабылданады. Алайда қазіргі медицина аурудың дамуын бақылауда ұстап, ағзадағы вирустың көбеюін тежеуге мүмкіндік беретін деңгейге жетті.

Қазір антиретровирустық терапия (АРТ) қолданылады. Бұл – вирустың белсенділігін анықталмайтын деңгейге дейін төмендетіп, иммундық жүйені сақтап, оның басқа адамдарға берілуін болдырмайтын дәрілер тобы. Олар вирусты толық жоймаса да, ЖИТС сатысы дамуының алдын алады. Науқастың ең басты шарты – емді үзбей, тұрақты қабылдау. Сол кезде оның өмірінің басқалардан еш айырмашылығы болмайды, ал өмір сүру ұзақтығы айтарлықтай артады.

АИТВ тек биологиялық сұйықтықтар арқылы беріледі: қан, шәует (сперма), қынаптық бөлінді және ана сүті. Инфекция жұғуы үшін бұл сұйықтықтардың адамның қанына, шырышты қабығына немесе зақымдалған терісіне тікелей түсуі қажет.

АИТВ жұқтырудың үш негізгі жолы бар:

* Жыныстық жолмен – қорғаныс құралдарын (презерватив) қолданбаған кез келген жыныстық қатынас кезінде. Егер шырышты қабықта қабыну немесе микрожарақаттар болса, жұқтыру қаупі артады.

* Парентералды жолмен – стерильді емес шприцтер мен инелерді пайдалану кезінде (әсіресе инъекциялық есірткі қолданушылар арасында), сондай-ақ медицина, стоматология және косметология (пирсинг, татуаж, татуировка) процедуралары кезінде құралдарды дұрыс залалсыздандырмау салдарынан.

* Тік жолмен (анадан балаға) – вирус жүктілік кезінде, босану кезінде немесе емшек сүті арқылы берілуі мүмкін.

АИТВ құшақтасу, сүйісу, қол алысу, жөтелу не түшкіру, ортақ ыдыс-аяқ пен төсек жабдықтарын пайдалану, жәндіктердің шағуы, ортақ дәретхана немесе бассейн арқылы берілмейді.

Жеке гигиена мен қауіпсіздік ережелерін сақтау АИТВ жұқтыру қаупін азайтады. АИТВ-ның алдын алу – қауіпсіз жыныстық мінез-құлық туралы хабардар болу, әр жыныстық қатынас кезінде презерватив қолдану, инъекциялық есірткіден бас тарту, медицина және косметология мекемелерінде санитарлық талаптарды сақтау, жүкті әйелдерді дер кезінде тексеріп, бақылап отырудан тұрады. Сонымен қатар АИТВ инфекциясының алдын алудың тиімділігі халықтың ақпараттану деңгейі мен медициналық көмектің қолжетімділігіне тікелей байланысты. Бүгінде өзіңнің АИТВ мәртебеңді білу – басқа созылмалы аурулар туралы білу сияқты табиғи әрі маңызды нәрсе.

Д.Р.АДИПАЕВА,
Астана қаласы әкімдігі АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының эпидемиолог-көмекшісі

№135 (4879) 15/11/2025 Сенбі

ТЕАТРЛАР ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Кеше Парламент Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп бастаған сенаторлар Астана қаласы әкімдігіне қарасты театрлар тынысымен танысты. «Жастар» театрында осы мәдени ошақтардың басшыларымен кездесіп, өзекті мәселелерді тыңдады.



Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов осы саладағы жұмыс туралы баяндады. Аталмыш басқарма 2024-2026 жылдарға арналған мәдениет саласын дамыту жөніндегі жоспарды әзірледі. Бұл құжатты қала әкімі Жеңіс Қасымбек бекітті. Соның ішінде елорда мәдениетін дамытудың негізгі бағыттарының бірі – театр саласы.

Бүгінде бас қалада 10 театр болса, соның 3-еуі – республикалық, 7-еуі – қалалық. Кешенді жоспарға қала әкімдігіне қарасты театрлардың инфрақұрылымын дамыту кірді. Атап айтқанда, өзекті мәселелердің қатарында Қуыршақ театрына арналған ғимаратты салу, «Жастар» театрына 2026 жылы күрделі жөндеу жүргізу қамтылған. Сонымен қатар театрлардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға және репертуарын жаңартуға ерекше көңіл бөлінді.

Қазір театрлардың көрермендері өткен жылдармен салыстырғанда едәуір көбейген. Мәселен, 2023 жылы көрермендер саны 300178 адам болса, былтыр 30 пайызға өсіп, 425 мың адамнан асты. Ал осы жылдың 8 айында қала театрларына 231220 көрермен келді.

Сенаторлармен кездесу барысында театр басшылары шығармашылық ұжымдардың қазіргі жұмысы, репертуарлық саясаты, материалдық-техникалық база және инфрақұрылымдық қажеттіліктер бойынша ақпарат ұсынды. Сонымен бірге салаға қатысты өзекті мәселелер жайында, оларды шешуге бағытталған ұсыныстар айтылды.

ӘБІЛАХАТТЫҢ ӘН ӘЛЕМІ



Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті композитор Әбілахат Еспаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Ә.Еспаев – ән жанрының шеңберін кеңейткен композитор» атты музыкалық кеш өтіп, «Ән әлемінің Әбілахаты» атты ақпараттық көрме ұйымдастырылды.

Көрмеге композитордың өмірі мен өнер жолынан сыр шертетін 20-ға жуық басылым, ноталар жинағы, кітаптар мен мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалар, сондай-ақ автордың әндері жазылған күйтабағы қойылды.

Әбілахат Еспаев қазақ музыкасының әртүрлі жанрында 250-ге жуық туынды жазды. Алғашқы әні 17 жасында жазған «Туған ел» болса, «Маржан қыз», «Жастар мерекесі», «Шофер келді қырманға», «Ұстазым менің, ұстазым» сияқты әндері ерекше танымал. «Ұстазым менің, ұстазым» әні мұғалімдер қауымының әнұранына айналды. Бұл туындысы 1960 жылы Алматыда өткен мұғалімдер құрылтайында жазылған.

Іс-шараға композитордың қыздары Гүлмира Әбілахатқызы мен Гүлсім Әбілахатқызы онлайн қатысты. Белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жоламан Тұрсынбаев Еспаевтың адами келбеті мен биік өнері жайлы жылы естелігімен, әсерлі әңгімесімен бөлісті. К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі Диля Дүйесінова композитордың танымал әндеріне жан-жақты талдау жасады. Композитор, ҚХР еңбек сіңірген әртісі Даму Оралғазыұлы, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сырым Қашқабаев сынды қонақтар Әбілахаттың ойға оралымды, жүрекке жылы, ұлттық нақышқа бай әндерінің маңызына тоқталып, оның танымал әндері орындалды.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

БАЛНҰРҒА ТАРТУ БОЛҒАН ТУЫНДЫЛАР

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияға қарасты қазақ оркестрінің ұйымдастыруымен белгілі композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Қазақстан композиторлар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Балнұр Қыдырбектің 70 жас мерейтойына орай «Балнұрға тарту» атты концерті өтті.



Бұл концертте Балнұр Қыдырбектің өнердегі әріптестері, яғни Қазақстанның белгілі композиторлары кеш иесіне арнаған шығармалары орындалды. Атап айтқанда, күйші, композитор, дирижер, Қазақстанның халық әртісі Айтқали Жайымов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Төлеген Мұхамеджанов, Ермұрат Үсенов, Серік Еркімбеков, Серікжан Әбдінұров, Әлқуат Қазақбаев, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, күйші композитор, дирижер Нұрлан Бекенов, «Құрмет» орденінің иегерлері Еркін Нұрымбетов, Арман Жайым, сонымен қатар Сланқожа Қарақыстық, Әліби Әбдінұров, Құрмет Сақай, Айсұлу Тани, Дулат Әбілдинов, Сәукеш Әліш сынды көптеген Қазақстан композиторларының шығармалары мен әндері орындалды. Концертте халықаралық байқаулардың лауреаттары Нұрқанат Тапиев және Әйгерім Темірбекова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда сынды астаналық филармония солистері өнер көрсетті.



ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада боччадан Қазақстан Республикасы кубогының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау салтанаты өтті. Дүбірлі додаға еліміздің 15 өңірінен келген 120-ға жуық параспортшы қатысты.

Атап айтқанда, Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Жамбыл, Түркістан, Жетісу, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының өкілдері болды. Соның ішінде Астана қаласының 14 спортшысы өнер көрсетті.

Ел кубогының марапаттау рәсіміне Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы директорының орынбасары Лескен Елекеев, «Аңса» жеке қорының атқарушы директоры Мұрат Жұманбай, Қазақстан бочча федерациясының вице-президенті Назым Жанғазинова қатысты.

Жалпыкомандалық есепте Астана қаласының командасы екінші орын алды. Боччадан Қазақстан кубогы сайысының нәтижесінде жеңімпаздар ересектер мен жасөспірімдер арасында төрт дәреже бойынша анықталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жарыстардың басты мақсаты – елімізде бочча спортын дамыту мен танымал ету, спортшылардың шеберлігін арттыру және ұлттық құрама командасының сапын қалыптастыру.



МАРАФОНШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Елорданың Сарайшық ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Нью-Йорк марафонының жеңімпазы, 80 жастың сеңгіріндегі спортшы Салтанат Түйтебаевпен кездесу өтті.

Іс-шараға Астана қаласы әкімдігінің өкілдері, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, марафоншының отбасы мен замандастары қатысты. Кездесудің негізгі мақсаты – марафоншының өмір жолы мен еңбек жолын, спорттағы жетістіктерін, табандылығы мен еңбекқорлығын замандастарына насихаттап, зейнеткерлерді салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Онда Салтанат Түйтебаевтың өмірі, спорттағы жетістіктері туралы бейнематериалдар көрсетіліп, кеш сұрақ-жауап форматында өтіп, зейнеткерлермен ашық диалог орнады.

Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы директорының орынбасары Мұхтар Еркетаев осындай кездесулердің аға буын үшін зор маңызына тоқталып, белсенді өмір сүру салты әр адамның өзіне байланысты екенін атап өтті. Кездесу барысында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының өнерпаздары концерт бағдарламасын ұсынып, қадірлі қонаққа естелік сыйлықтар тапсырылды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 135

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ